

**ЦЕЛИНОГРАД
АУДАНЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ
КЕҢЕСІ**

**ОБЩЕСТВЕННЫЙ
СОВЕТ
ЦЕЛИНОГРАДСКОГО
РАЙОНА**

021800, Целиноград ауданы,
Ақмол ауылы, Наурыз көшесі, 34
тел. (8-716-51) 30-165
e-mail: celin_obshsovet@mail.ru

021800, Целиноградский район,
село Ақмол, улица Наурыз, 34
тел. (8-716-51) 30-165
e-mail: celin_obshsovet@mail.ru

Ақмол 18.03. № 13

Қорытынды

Целиноград ауданының Қоғамдық Кеңесі «Целиноград ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» Целиноград аудандық мәслихаты шешімінің жобасын қарастырып, келесі ұсыныстар береді:

Жобада көрсетілетін қызметті алушы тұрғын үй көмегін тағайындау үшін тоқсанына бір рет қана Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталына жүгіне алатыны анықталмаған. Қағидалардың 3 тарауында аз қамтылған отбасының (азаматтардың) жиынтық табысын есептеу тәртібі белгіленген, оған сәйкес шекті жол берілетін шама ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органдарымен алдын ала келісілгеннен кейін алдыңғы тоқсанда қалыптасқан ең төменгі күнкөріс деңгейіне еселікпен белгіленеді. Осыған орай, норма тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларының 5-тармағына сәйкес толықтырылсын.

Нормативтік құқықтық актінің жобасында тұрғын үй көмегін көрсету үшін ұсынылатын қажетті құжаттар тізбесінің болмауы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің факторы болып табылады. Осыған байланысты жобаға «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағына сәйкес аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажетті құжаттардың тізбесін айқындайтын тармақ қосылсын.

Жобада уәкілетті органның қызметін реттеу жөніндегі нормалар жоқ. Уәкілетті орган қандай жағдайларда тұрғын үй көмегін көрсетуден бас тартатыны белгісіз. Жобада тұрғын үй көмегін көрсетуден бас тарту үшін негіздер көзделуге және уәкілетті орган қызметінің тәртібі нақты жазылуға тиіс. Дәлелді бас тартудың себептерін де көрсету қажет.

Жобаның 12-тармағына сәйкес аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктер арқылы есептелген сомаларды тұрғын үй көмегін алушылардың жеке шоттарына аудару жолымен жүзеге асырады. Бұл нормада тұрғын үй көмегін төлеу мерзімдерін белгілеудің іс жүргізу тәртібі жоқ. Бұдан басқа, тармақтың ұсынылып отырған редакциясы Қағидалардың 49-тармағына қайшы келеді, оған сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға тұрғын үй көмегін төлеуді көрсетілетін қызметті беруші жергілікті өкілді органдар айқындаған тәртіппен екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің факторларын болдырмау мақсатында жобаның 12-тармағында аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеудің нақты мерзімдерін белгілеу не тұрғын үй көмегін төлеу тәртібін белгілеу қажет.


Жобада тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі жеткілікті түрде айқындалмаған, яғни мазмұны тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін тиісті түрде ашпайды және жоғары тұрған заңға тәуелді құқықтық актіге бірнеше рет сілтеме жасайды.

Целиноград ауданы
Қоғамдық кеңесінің төрағасы



С. Әшебеков

Целиноград ауданы
Қоғамдық кеңесінің хатшысы



А. Хаметова

**ЦЕЛИНОГРАД
АУДАНЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ
КЕҢЕСІ**

**ОБЩЕСТВЕННЫЙ
СОВЕТ
ЦЕЛИНОГРАДСКОГО
РАЙОНА**

021800, Целиноград ауданы,
Ақмол ауылы, Наурыз көшесі, 34
тел. (8-716-51) 30-165
e-mail: celin_obshsovet@mail.ru

021800, Целиноградский район,
село Ақмол, улица Наурыз, 34
тел. (8-716-51) 30-165
e-mail: celin_obshsovet@mail.ru

18.03.2024 № 13

Заключение

Общественный совет Целиноградского района, рассмотрев проект решения маслихата Целиноградского района **«Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в Целиноградском районе»**, дает Вам следующие рекомендации:

Пунктом 8 проекта предусмотрено, что для назначения жилищной помощи малообеспеченная семья (гражданин) (либо его представитель по нотариально заверенной доверенности) обращается в Государственную корпорацию «Правительство для граждан» или посредством веб-портала «электронного правительства», однако в соответствии с пунктом 5 Правил, за назначением жилищной помощи может обратиться либо услугополучатель, либо его представитель в силу полномочия, основанного на доверенности, законодательстве, решение суда либо административном акте. Таким образом дополнить норму в соответствии с пунктом 5 Правил предоставления жилищной помощи.

Фактором коррупциогенных рисков является отсутствие в проекте нормативного правового акта перечня необходимых документов, предоставляемых для оказания жилищной помощи. В связи с чем добавить в проекте пункт, определяющий перечень необходимых документов для назначения жилищной помощи малообеспеченным семьям (гражданам), в соответствии с пунктом 8 Перечня основных требований к оказанию государственной услуги «Назначение жилищной помощи».

В проекте отсутствуют нормы по регулированию деятельности уполномоченного органа. Неясно в каких случаях уполномоченный орган отказывает в оказании жилищной помощи. Должны быть предусмотрены основания для отказа в предоставлении жилищной помощи и четко прописан

порядок деятельности уполномоченного органа. Также необходимо указать причины выдачи мотивированного отказа.

Согласно пункту 12 проекта выплата жилищной помощи малообеспеченным семьям (гражданам) осуществляется уполномоченным органом через банки второго уровня путем перечисления начисленных сумм на лицевые счета получателей жилищной помощи. В данной норме отсутствует процессуальный порядок установлении сроков выплат жилищной помощи. Кроме того, предлагаемая редакция пункта противоречит пункту 49 Правил, согласно которому выплата жилищной помощи услугополучателю осуществляется услугодателем через банки второго уровня в порядке, определенном местными представительными органами. В целях исключения факторов коррупционных рисков в пункте 12 проекта необходимо установить конкретные сроки выплаты жилищной помощи малообеспеченным семьям (гражданам), либо установить порядок выплаты жилищной помощи.

В проекте недостаточно четко определен порядок оказания жилищной помощи, то есть содержание не раскрывает порядок предоставления жилищной помощи должным образом и неоднократно отсылает на вышестоящий подзаконный правовой акт.

Председатель Общественного совета
Целиноградского района



С. Ашебеков

Секретарь Общественного совета
Целиноградского района



А. Хаметова